

13 қаңтар 2022 жылы Инновациялық білім беру факультеті Мектепке дейінгі және бастауыш білім беру кафедрасы «Кадрлардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау: оқыту нысандары, әдістері мен технологиялары, сапаны бағалау» атты университетішілік әдістемелік декада аясында **«Функционалдық сауаттылық – білім сапасын жетілдірудің негізгі бағдары»** тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырды. Мақсаты - профессор-оқытушылар құрамының кәсіби құзыреттілігін арттыру, жоғары педагогикалық білік пен үздік педагогикалық тәжірибенің таралуына ықпал ету және кафедра филиалдарымен ынтымақтастықты нығайту. Дөңгелек үстелге университет профессор-оқытушылар құрамы, магистранттар және кафедра филиал мүшелері қатысты. Модератор аға оқытушы, магистр О.А.Абилова шара бағдарламасымен таныстырды.

Осы шараны факультет деканы п.ғ.д., профессор А.У.Муханбетжанова аша отырып, көтеріліп отырған мәселенің өзектілігіне тоқталды.

Одан әрі шараға арнайы шақырылған қонақтарға сөз кезегі берілді. «BILIM-BOLASHAQ» республикалық оқу-әдістемелік орталық директоры, Абай атындағы ҚазҰПУ докторанты Б.Аувакир **«Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерін нормативтік-құқықтық сүйемелдеудегі басым бағыттар»** тақырыбында қатысушыларға сұхбат жасады. Тақырыпқа байланысты мектепке дейінгі ұйым басшылары мен тәрбиешілері кері байланысқа шығып, проблемалық сұрақтарға жауап алды.

Дөңгелек үстел Өрлеу БАҰО АҚФ Атырау облысы Кәсіби даму институтының аға оқытушысы, тренер А.Б.Сарсекенованың **«Білім алушылардың жоғарғы деңгейдегі дағдылары мен функционалдық сауаттылығын қалыптастырудағы дамытушы оқу тапсырмаларының рөлі»** тақырыбындағы презентациялық тұсау кесерімен жалғасын тапты.

Мектепке дейінгі және бастауыш білім беру кафедрасы тарапынан **«Бастауыш сынып оқушыларының функционалдық сауаттылығын (жаратылыстану, математика, әдебиеттік оқу пәндері негізінде) қалыптастырудағы заманауи әдістердің маңызы»** тақырыбында теориялық және практикалық маңызы бар ақпарат берілді. Мәселен, аға Э.Ж.Испанова функционалдық сауаттылық теориясының негіздеріне тоқтала отырып, математикадан практикалық мысалдар келтірді, одан әрі аға оқытушы, магистр А.А.Мусина өз тәжірибесінен әдебиеттік оқу сауаттылығын қалыптастыруға қатысты әдістерге тоқталды.

Бағдарлама жоспарына сәйкес филиалдарға жарыс сөз кезегі берілді: №2 Ж.Нәжімеденов атындағы орта мектептің педагог-сарапшысы Ж.М.Құспанова **«Білім берудегі жаңаша әдіс-тәсілдерді сабақтарда тиімді қолдану»**, №17 бөбекжай бақша тәрбиешісі Ф.Н.Нуржанова **«Білімқұмарлық –өрлеу жолында»**, №27 «Ақбота» балабақшасының қазақ тілі маманы Р.М.Раисова **«Балабақшада қазақ тілін үйрету жүйесін жаңарту технологиялары»**, №12 Ф.Досымова атындағы орта мектептің бастауыш сынып мұғалімі А.Утекеева **«Бастауыш сынып оқушыларын оқытуда функционалдық сауаттылықты жетілдіру»** тақырыптарында баяндама жасады.

Дөңгелек үстел барысында ашық микрофон ұсынылып, барлық қатысушылар өздерінің пікірлері мен тәжірибелерін ортаға салды. Шара соңында белсенді қатысушылар сертификаттармен марапатталды.

